

**2009-2010 жылдардағы Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Бірлескен іс-әрекет жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттарды пайдалануына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі Жұмыс тобының қызметі туралы № 204 баспасөз-релизі**

2010 жылғы 9 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің «АқОрда» резиденциясында 2009-2010 жылдардағы Үкіметтің, Ұлттық банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Бірлескен іс-әрекет жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттарды пайдалануына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі Жұмыс тобының кезекті (он жетінші) мәжілісі өтті.

Жұмыс тобының мәжілісінде жұмыс тобының мүшелері, сондай-ақ «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ өкілдері қатысты.

Мәжілісте «АхсельКент» тұрғын үй кешеннің құрылысына бөлінген қаражаттарды жұмсау заңдылығының мәніне жүргізілген тексеру бойынша Бас прокуратурасының ақпараты тыңдалды. Тыңдалған ақпараттың нәтижесі бойынша «АхсельКент» тұрғын үй кешеннің құрылысы бойынша қызметтің айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға құрылысқа бөлінген қаражаттармен қолма-қол операцияларды ең төмен мөлшерге дейін азайту бойынша құрылысты жүзеге асыратын компаниялармен мәселені реттеу тапсырылды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) (бұдан әрі – Қаржы полиция) бірлескен тексерулері барысында анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша тергеудің тексеру барысы туралы ақпараты тыңдалды. Тыңдалған ақпараттың нәтижесі бойынша (Жұмыс тобының мүшелері Қаржы полициясының ұсыныстарына келісім білдірді) Салық комитетіне жалған кәсіпорындарды анықтау мәніне жеткізушілердің және сатып алушылардың пирамидасы бойынша контрагенттерді «ҚҚС ақпараттық жүйесі» бағдарламасы бойынша тексеру ұсынылды. Бұл ретте, жалған кәсіпорындармен есеп айырысуларды анықтаған кезде Қаржы полицияға хабардар ету.

Бұдан басқа мәжілісте «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ өкілдері аталған холдингтердің Директорлар кеңесі жанындағы Арнайы мониторинг, бақылау және талдау жүргізу комитетінің тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды жою нәтижелері туралы хабарлады.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ға қайта берілген кредиттер бойынша ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру олардың мақсатты пайдалануына сәйкес келген жағдайды қоспағанда Ұлттық қорының қаражаттарынан келіп түсетін ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға тыйым салу, сондай-ақ Ұлттық қорының қаражаттары есебінен консалтингтік қызмет көрсетулерді төлеуге және оффшорлық аймақтарда тіркелген компаниялармен келісім-шарттарға төлеуге тыйым салуға қатысты екінші деңгейдегі банктермен жасалған шарттарға енгізілген өзгерістер бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның арнайы шоттарына аударылған Дағдарысқа қарсы жоспарының іс-шараларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде мынадай қаражаттарды:

банктерді капиталдандыруға – **332,1** млрд. теңге;  
жылжымайтын мүлік рыногында проблемаларды шешуге – **360** млрд. теңге;  
шағын және орта бизнесті қолдауға – **117** млрд. теңге банктерге, «ФРП «Даму» АҚ **3** млрд. теңге бөлінді;  
экономиканың нақты секторының жобаларын кредиттеуге – **144** млрд. теңге;  
инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларына – **120** млрд. теңге;

агроөнеркәсіптік кешенің қолдауға – **120** млрд. теңге игеру көзделді.

07.04.10жылғы жағдай бойынша<sup>1</sup> алынған ақпаратқа сәйкес нақты игерілді:

**1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша**

**212,1** млрд. теңге – Үкіметтің жай атаулы акцияларды «БТА Банк» АҚ 25 246 343 данада сатып алуы

**27** млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның «Қазақстанның халық банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 259 064 909 данада сатып алуы және

**33** млрд. теңге – саны 196 232 499 данада артықшылықты акцияларын сатып алуы

**36** млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның «Казкоммерцбанк» АҚ-ның жай атаулы акцияларды 165 517 241 данада сатып алуы

**24** млрд. теңге – қайта шығарылған жай акцияларды 4 000 000 данада сатып алу арқылы «Альянс Банк» АҚ қосымша капиталдандыру

**2) жылжымайтын мүлік рыногында проблемаларды шешу бойынша**

– **120** млрд. теңге мөлшерінде ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру толық көлемде жүзеге асырылды

– заемдарды өтеген кезде артылған қаражаттар есебінен ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру (ЕДБ деректері бойынша)

№ р.р.	ЕДБ атауы	Сомма, млн. теңге	Заемшылар саны, адам
1.	«Альянс банк» АҚ	143,1	26
2.	«АТФ Банк» АҚ	175,2	33
3.	«БТА Банк» АҚ	153,8	30
4.	«Банк ЦентрКредит» АҚ	254,5	67
5.	«Еуразиялық банкі» АҚ	252,1	55
	<b>Жиынтығы</b>	<b>978,7</b>	<b>211</b>

– Астана және Алматы қалаларында жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау

№№	Кредитордың атауы	Жасалған шарттар сомасы, млн. теңге
1.	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ жарғы капиталының ақы төлеу	15 000,0
2.	Құрылыс объектілері жөніндегі	156,5

<sup>1</sup> Револьвер заемдардың есебінен игеру және артылған не меншікті қаражаттар есебінен қаржыландыру сомасын асыру

	пұлды қалыптастыру бойынша «Цеснабанк» АҚ алдын ала/аванстық салым	
3.	Құрылыс объектілері жөніндегі пұлды қалыптастыру бойынша «Еуразиялық Банк» АҚ банктік салым	249,8
4.	Құрылыс объектілері жөніндегі пұлды қалыптастыру бойынша Алматы қ. «Темірбанк» АҚ «БТА Банк» АҚ филиалына банктік салым	173,09
5.	Құрылыс объектілері жөніндегі пұлды қалыптастыру бойынша «АТФ Банк» АҚ банктік салым	131
6.	Алматы қ. «Ахселькент» ТК құрылысын аяқтау	16 500,0 (оның ішінде 13 800,0 игерілген)
7.	Мемлекеттік комиссиясы бекіткен Тізбесіне сәйкес «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ арқылы құрылыс объектілерін қаржыландыру	38 126,9 (оның ішінде 36 100,0 игерілген)
	<b>Құрылысты аяқтау бойынша жиынтығы</b>	<b>70 337,29</b>
	<b>Барлық бағдарлама бойынша жиынтығы</b>	<b>190 337,29</b>

**3) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша**

- екінші деңгейдегі банктерге көрсетілген мақсаттарға бөлінген 117 млрд. теңгені игеру, толық көлемде жүзеге асырылған
- заемдарды өтеген кезде артылған қаражаттар есебінен ШОБ субъектілерін қаржыландыру (ЕДБ деректері бойынша)

№№	ЕДБ атауы	Жаңа жобаларды кредиттеу бойынша жасалған шарттарды, млн. теңге	Қайта қаржыландыру, млн. теңге
1.	«Альянс Банк» АҚ	2 125,8	1 008,0
2.	«Ресей Сбербанкі» АҚ	131,8	-
3.	«Цесна банк» АҚ	68,0	-
4.	«Нұрбанк» АҚ	665,2	-
5.	«Еуразиялық Банкі» АҚ	175,7	24,2
6.	«Банк Астана-Финанс» АҚ	133,0	-
7.	«АТФ Банк» АҚ	414,7	173,7
8.	«Банк ЦентрКредит» АҚ	447	50

	<b>Жиынтығы</b>	<b>4 161,2</b>	<b>1 255,9</b>
--	-----------------	----------------	----------------

– «Даму» АӨҚ» АҚ арқылы «Даму-Қолдау» бағдарламасы шеңберінде 3 млрд. теңге игеру

№№	ЕДБ гарант атауы	«Даму» АӨҚ» АҚ, млн. теңге	Жобалардың жалпы сомасы, млн. теңге
1.	«Еуразиялық банкі» АҚ	364,5	737,02
2.	«БанкЦентрКредит» АҚ	776,7	1 739,4
3.	«Цесна банк» АҚ	500	750
4.	«Нұрбанк» АҚ	1 300	2 375,8
5.	«АТФ Банк» АҚ	97,8	97,8
	<b>Жиынтығы</b>	<b>3 039,11</b>	<b>5 700,1</b>

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша 144 млрд. теңге мөлшерінде толық көлемде жүзеге асырылды.

5) инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша

Осы дағдарысқа қарсы бағдарламасының жолдамасы бойынша іс-шаралар шеңберінде «Қазақстанның даму банкі» АҚ қосымша капиталдандыру 167 млрд. теңге мөлшерде қосымша капиталдандырылды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаттары 115 млрд.теңге болды. Капиталдандыру нәтижесінде Банк алған қаражаттар инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жіберіледі:

№№	Заемшының/объектінің атауы	Сома, млн. теңге
1.	«Қазақстан Даму банкі» АҚ арқылы «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты	3 606,8
2.	Тараз қ. ферроқорытпалар зауыты	1 418,9
	<b>Жиынтығы</b>	<b>5 025,7</b>

«КазАгро» ҰХ» ақпаратына сәйкес 07.04.2010ж. жағдай бойынша агроөнеркәсіптік секторын қолдауға бөлінген 120 млрд. теңге шеңберінде айналым-сальдо жиынтығы 145 602,3 млн.теңге құрады. Атап айтқанда ауылшаруашылық – тауар өндірушілердің айналым капиталын толтыруға 68 777,2 млн. теңге бөлінген, инвестициялық жобаларды іске асыруға 19 369,1 млн. теңге бөлінген, АПК<sup>2</sup>

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының экономиканы жетілдіру мәселері бойынша Мемлекеттік комиссиясы мәжілісінің 06.05.09жылғы № 17-5/И-333 хаттамасына сәйкес – бір тоннасы 24 640 теңге бағасымен 1 млн. тоннаға дейін

субъектілерінен астықты сатып алуға 57 456 млн. теңге бөлінген – (астықты сатып алуға және инвестициялық жобаларды іске асыруға айналым қаражаттарды кейінен бөлуді ескере отырып бөлінген соманың игеру жиынтығы 100% болады).

07.04.10 ж. жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның арнайы шоттарында (Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаттары есебінен дағдарысқа қарсы бағдарламасының мақсаты үшін ашылған) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкте тиісінше **197,9** және **40,9** млрд. теңге қалады.

Сонымен, 07.04.10ж. 6 бағыты бойынша экономиканың және қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаларды игеру пайызы:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 100%;
2. жылжымайтын мүлік рыногында проблемаларды шешу, оның ішінде:
  - ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша – 100%;
  - жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау бойынша – 29,3%;
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша, оның ішінде:
  - Екінші деңгейдегі банк арқылы кредиттеу бойынша (117 млрд. теңге) – 100%;
  - «Даму-Қолдау» бағдарламасы бойынша (3 млрд. теңге) – 100%;
4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 100%;
5. агроөнеркәсіп кешенін қолдау бойынша – 100%;
6. инновациялық, индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру бойынша– 4,18%.